

**Сарат жалпы орта білім беретін мектебі бойынша «Нашақорлық және есірткі
бизнесіне қарсы күрес» бағдарламасына аясында жүргізілген жұмыстарға**


А Н Ы Қ Т А М А

I - тоқсан

Әлемді жайланған нашақорлық дерті күн сайын тамырын теренге жайып, барады. Бұл «Жұкпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр деп айтуға болады. Оған әр түрлі себептер бар. Менің ойымша, ең негізгі – есірткі және психотроптық заттарға қол жетімділік. Бұған дәлел күн сайын әр-түрлі есірткі емесес психотроптық заттармен ұстағандар жәйлі ақпараттар. Есірткі заттарды қолданатындардың басым-көпшілігіне – мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар жатады. Өйткені жасөспірімдер еліктегіш келеді, сондықтан бір рет есірткіні қолдансам ештеңе ете қоймас деп, қалай нашақор болағнын білмей қалады. Ал есірткіні қармағына бір іліккен адам, одан оңай құтылып кете алмайды. Нашақорлық дертіні шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түсіп, өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп төндіреді.

Осы мақсатта Сарат жалпы орта білім беретін мектебінде «Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес» бағдарлама аясына жұмыс жоспары қыркүйек айында бекітілді. Қыркүйек айында «Нашақорлық және нашабизнес сөзіне түсінік беру» тақырыбында 1-4 кластар аралығында түсіндіру, жұмыстары жүргізілді. Қазан айында дене шынықтыру пәнінің ұйымдастыруымен «Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында оқушыларға ойындар ойнатып, жаттығулар жасалды. Мақсаты оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру еді.

Мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары :



Р.М.Жаңабаев
А.Б.Аманкелдиева